

## БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

## Ш.Мұртаза "Ай мен Айша"

ЖАРИЯЛАНДЫ  
31.01.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/27175/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Сабақтың тақырыбы:** «Ай мен Айша» романының көркемдік ерекшеліктері

**Сабақтың мақсаты:** жазушының сөз қолданысы мен көркемдік ерекшелігіне талдау жасау арқылы, оқушылардың дүниетанымын кеңейту, логикалық ойлауын қалыптастыру; тапқырлық, шешендік, ойшылдық, адамгершілік сияқты халқымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңіру

**Сабақ түрі:** білімді бекіту сабағы

**Сабақ түрі:** дәстүрден тыс, сайыс сабақ

**Сабақ әдісі:** талдау, іздендіру, сұрақ-жауап, рөлде ойнау

**Шешілетін мәселе:**

- Жазушының халықтық сөйлеу тілден әдеби тіл жасау шеберлігін;
- Қарапайымдылығын, шыншылдығын;
- Адам характерін сомдау шеберлігін;
- Шығарма композициясын құру ерекшелігін;
- Әңгіменің тіл нәрін (портрет, суретттеу, баяндау);
- Юмор, сатираның тиімді қолдана білуін дәлелдеу, сезіну;

**Сабақ барысы:** I. Ұйымдастыру

а) амандасу; оқушы назарын сабаққа аудару

ә) топқа бөлу; сабақ мақсатын айқындау

## II. Өткен материалды бекіту

### I кезең. «Мықты болсаң, тауып көр»

А) *Мақал-мәтел, нақыл, тыйым сөздердің қай оқиғаға байланысты айтылғанын тап.*

- 1) Енесі тепкен құлынның еті ауырмайды
- 2) Шашты аяқ асты тастауға болмайды
- 3) Мың сіз бізден – бір шыж-быж
- 4) Бай баласы — байға ұқсайды,

Байланбаған тайға ұқсайды

- 5) Адам басы – Алланың добы
- 6) Еңбек етпей тапқан мал бойға сіңбес
- 7) Нысап – тойым, нәпсі – тойымсыз
- 8) Түсі игіден түңілме
- 9) Жетімнің басынан сипаған қол

Жер астында да шірімейді

- 10) Мылқаудың астына түспе

- 1) Бауырын қараусыз қалдырып, Айшадан таяқ жегенде;
- 2) Айшаның шешектен шетінеген 3 баласы жайлы әңгімесінде;
- 3) Аштықтан бұратылып ұйықтай алмай жатқанда;
- 4) Дала алай-түлей.Шырпы әкелуге жұмсағанда;
- 5) Өзге ұлт өкілдерін Қазақстанға жер аударғанда;
- 6) Молотов мектебіне бір сыныпты оқыдым деп сыныбын қосып айтқанда;
- 7) Алғаш рет ақша тауып, Айшаны қуантқанда;
- 8) Мектепке ұстаз Қаратаев келгенде;
- 9) Нағашыларының ауылына көшіп барғанда;
- 10) Дүйінбайды қорлық көргенде;

Ә) *Портреттердің кімдікі екендігін тап.*

1) Өңірінде өңірінде қара ши барқытпен тысталған көмкерілген жосалы сары тон, басында дәл сондай теріден тігілген телпек. Оның жиегі қара қозының елтірісі; соқалы сарыдан қызғылттау. (Мұртаза)

2) Сталин фурашкелі, галифе шалбар, сары гимнастерка, белдік, иығында қайыс сөмке, шикілсары, орыстан аумайды, даусы жіңішке, бірақ удай. (Финагент)

3) Айша шамалас, бәлкім одан да жас па екен, бірақ самай шашы ағарған, екі езуінен жоғары қарай терең сызық түскен, шап-шақ қана кісі екен. (Үбәйда)

4) Қоладан құйғандай шомбал денелі, түр-түсі тотыққан, дидары мейлінше пейілді, көзқарасы ибалы, жұмсақ. (Мұхаметжан Қаратаев)

II. «Кейіпкер болып, ойнап көр» (жазушының адам характерін сомдау шеберлігі)

Шарты: Қалаулары бойынша ұнаған кейіпкер, нанымды кейіпкер, шебер жасалған кейіпкер рөлінде ойнау, жеке де топпен де

III. «Ойлы болсаң, озып көр»

Шарты: Екі топ романның композициялық құрылысына байланысты сұрақтар әзірлейді, бір-біріне қояды.

IV. «Жүйрік болсаң, шауып көр»

Шарты: Эпитет, тұрақты тіркес, метафора, кейіптеу т.б. бейнелі сөздерді тез әрі көп жинау.

## V. «Шешен болсаң, сөйлеп көр»

Шарты: Шығармадағы Ай, көк бөрі, жылан, тау, қырғи символдық бейнелерін негізге ала отырып, өз шешендіктерін көрсету.

Қорытындылау

Бағалау

Үйге тапсырма: Қалаған тақырыптардың біріне ойтолғау жазу, тақырабын өзі ойластыруына болады.

«Қайран біздің аналар», «Шерхан - шебер суреткер»,

«Көк бөрінің тұқымы», «Рухты елдің белін ешкім сындыра алмайды»

**КМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.